

"Каскор" акционерлік компаниясы мен Маңғыстау облысының химиялық кешені кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 қараша N 1358

"Каскор" акционерлік компаниясы кәсіпорындарында қалыптасқан дағдарысты жағдайдан шығу және қаржы-экономикалық сауықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарды" Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 17, 194-құжат) қосымшаға мынадай өзгертулер енгізілсін:

мемлекеттік Медетші банкіне берілген төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындар тізбесінен:

Маңғыстау облысы "Қатәп" ҰАҚ "Каскор" шығарылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген заң тәртібімен:

бір ай мерзімде "Каскор" акционерлік компаниясы акционерлерінің жалпы жиналысына кейбір құрылымдық бөлімшелерді бөлу балансына бойынша құрамнан шығару жолымен қайта құру мәселесін (тізбесі қоса беріліп отыр) енгізсін және мүдделі министрліктер мен ведомстволармен бірлесіп олардың ұйымдық құқықтық нысанын айқындасын.

Маңғыстау облысының әкімімен бірлесіп, әлеуметтік сала объектілерін жергілікті басқару органдарының балансына беру мәселесін шешсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 8 қарашадағы
N 1358 қаулысына
Қосымша

"Каскор" акционерлік компаниясы құрамынан бөлу балансы
бойынша бөлініп шығарылатын құрылымдық бөлімшелердің
Т І З Б Е С І

Минералды тыңайтқыштар өндіруші химиялық кешені кәсіпорындары
(химия-металлургия зауыты, азотты-тыңайтқыш заводы, күкірт-қышқылы
зауыты)

Тіс сықпаларын жасаушы зауыт

Жөндеу-механика зауыты

Өндірістік-техникалық байланыс басқармасы

КИП және А орталық лабораториясы

ОҒЗЛ орталық ғылыми-зерттеу лабораториясы

Теміржол көлігі басқармасы

Әлеуметтік сала объектілері